Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Shymkent, Kazakhstan

RISK FACTORS OF DEEP VEIN THROMBOSIS IN WOMAN OF REPRODUCTIVE AGE

In this article submit data about technique determination risk factor of deep venous thrombosis (DVT) during the pregnancy. Venous thrombembolia is a major cause of maternal death and developing most frequently in reproductive age. The contextually with the given problem the develop and implement the check - sheet point system development and prophylaxis of the DVT by pregnancy woman in the regional with high breeding potential.

Key words: deep vein thrombosis, reproductive age, risk factors, assessment, prevention.

Авторлар туралы мәлімет:

Бегимбекова Л.М., к.м.н., доцент, акушерлік-гинекология кафедрасының меңгерушісі, **Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент кампусы**, Шымкент қаласы, э/почта: lazzat_beg@mail.ru, телефон: 87718860632

М.А. Байбосын, акушерлік-гинекология кафедрасының оқытушысы, **Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент кампусы**, Шымкент қаласы, э/почта: manzura010682@mail.ru, телефон: 87757601252

Р.К.Абдикаримова., акушерлік-гинекология кафедрасының оқытушысы, **Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент кампусы**, Шымкент қаласы, э/почта: raushan_abdikarimova@mail.ru, телефон: 87762722267

Нурмаханова У., акушерлік-гинекология кафедрасының резиденті, **Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент кампусы**, Шымкент қаласы, э/почта: iroda_8822@mail.ru телефон: 87025057532

АОЖ: 614.2:616-053.2

Айдар Алия, магистрант, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы,
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: м.ғ.к., доцент Сарсенбаева Г.Ж., turaidar_aa@mail.ru

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ КҮЙІК ЖАРАҚАТЫНА ШАЛДЫҒУЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Балалардың күйік жарақатына шалдығуы, қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. ДДСҰ мәліметі бойынша, Еуропа елдерінде күйік барлық жарақат алған балалар өлімінің 3 орын алады. Балалардың күйік жарақаты медициналық қана емес, әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселе болуда. Зерттеуде, 2020-2021 жылдары күйік жарақатымен ОКБА 0-14 жас аралығында, әр түрлі дәрежеде күйік жарақатына шалдығып, ем қабылдаған 843 балалар алынып, онда ауруға шалдығудың себеп-салдары талданды. Нәтижесінде, орын алған күйік жарақатының басым бөлігі тұрмыстық жағдайда, 0-2 жастағы балаларда ыстық сұйықтық, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларда ашық от жалыны мен химиялық заттар әсерінде, ата-аналар мен жауапты қызметкерлердің қарауынсыз қалған мерзімінде орын алатыны айқындалады.

Кілт сөздер: күйік жарақаты, термиялық күйік, жас балалар

Жұмыстың өзектілігі: Күйік – бұл терінің немесе басқада органикалық тіндердің жоғарғы температура және сәулеленудің, радиацияның, электр тоғының, сондай-ақ химиялық улы заттардың денеге тию әсерінде орын алған жарақат. Бүгінге, әлемдік қоғамның индустриализациясы барысында, сәбилер мен балалардың абайсызда күйік жарақатына шалдығуы, жаңа медициналық-әлеуметтік маңызға айналууда. Онда қоғамдық денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдарының негізгі және күрделі мәселесінің бірі ретінде, 0-14 жасқа дейінгі балаларда орын алатын күйік жарақатының профилактикалық іс-шаралары ұстанымдарын қарастыру болмақ [1,2].

ДДСҰ мәліметінше, әлемде күйік жарақаты әр жылда 180 мың. жағдайда адам өлім-жітімі себепшісі болып, орын алған жарақаттардың шамамен 6% тек, термиялық күйік жарақатының үлесіне тесілі [3]. Еуропада күйік барлық жарақат алған балалардың өлім-жітім себебі ретінде 3 орынды болса [3,4], Ресейде балалардың күйіктен өлім-жітім көрсеткіші 1,2-10% құрайды [5,6]. Адам өлімсіз орын алған күйік жарақаты, ауруға шалдыққан науқастың ұзақ мерзімде емделуінің, тәнге сүйкімсіз дене тыртықтарының, тіптен науқастың мүгедектікке шалдығуы негізгі себептері болмақ [7,8].

Дүниежүзілік ДСҰ ұсынған, «Күйік жарақатын алдын алудың әлемдік стратегиясы» аясында, елімізде балалар мен жасөспірімдер арасында күйік жарақатының нақты орын алуы мүмкін қауіп-қатер факторларын алдын алуға және болдырмауға, қауіпті топ қатарындағы халықты күйік жарақаты, ондағы алғашқы кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету қағидалары жөнінде ақпараттандыру шараларын енгізу қарастырылған. Аталған іс-шараларды тәжірибе жүзінде енгізу алды, Шымкент қаласы 0-14 жасқа дейінгі балалар арасында күйік жарақатының тіркелуінің әлеуметтік-тұрмыстық себеп-салдарын, ондағы ата-аналарының іс әрекеттеріне сипаттама беру, оған талдау жасау маңызды болмақ және бұл осы зерттеу жұмысының мақсаты болды.

Зерттеу нысандары мен әдістері: Шымкент қаласында 2020-2021 жылдары аралығында, 0-14 жастағы балалардың күйік жарақатынан зардап шегу жағдайында медициналық көмекке жүгінген 2342 науқастың, оның ішінде ОКБА «реанимация» және «күйік» бөлімшесінде ем қабылдаған 843 науқастың медициналық құжаттары бойынша клиника-статистикалық және науқас балалардың ата-аналарына арнайы дайындалған сауалнама бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеулер жүргізілді. Зерттеудің нәтижелері вариациялық статистика және корреляциялық әдістерінде бағаланды.

Зерттеу нәтижесі мен оны талдау: Зерттеуіміздің, 2020-2021 жылдары, Шымкент қаласының 0-14 жас аралығындағы күйік жарақатына шалдыққан балалардың абсолюттік саны 2342 науқасты құраған. Онда алған жарақатың ауырлығына байланысты 1499 (64,1%) науқасы


амбулаториялық емді және 843 (35,9%) науқасы ОКБА реанимация және күйік бөлімшесінде стационарлық емді қабылдаған. 2020 жылы күйік жарақатын 1356 науқас алса, оның 878 (37,6%) амбулаториялық емді және 478 (20,4%) стационарлық жағдайда, сәйкесінше 2021 жылы 986 балалар жарақаттанса, оның 621 (26,5%) амбулаториялық, 365 (15,5%) стационарлық жағдайда ем қабылдағандар болып қалыптасқан (кесте 1).

Кесте 1 – 2020-2021 жылдары күйік жарақатын алған 0-14 жастағы балалардың ем қабылдау көрсеткіші

Зерттеу жылдары	Науқастар саны	Тағайындалған емнің түрі (абс. жағдай)	
		Амбулаториялық	стационарлық
2020 жыл	1356	878 (37,6%)	478 (20,4%)
2021 жыл	986	621 (26,5%)	365 (15,5%)
Барлығы	2342	1499 (64,1%)	843 (35,9%)

Науқастардың басым бөлігі 2149 (91,7%) дененің термиялық күйік жарақатын және кемінде 193 (8,3%) химиялық күйік жарақатын алған. Ондағы 2342 науқас балалардың топтық құрылымы бойынша, 1028 (43,9%) үйде тәрбиеленетін ұйымдаспаған топтың балалары, 592 (25,3%) ұйымдасқан топтың, яғни бала-бақшаға баратын және 722 (30,8 %) жалпы білім беру ұйымында тәрбиеленетін балаларды құраған. Амбулаториялық ем қабылдап жүрген балалардың 681 (45,4%) ұйымдаспаған топтың, ал 423 (28,2%) бала бақшаға және 395 (26,4%) мектепке баратын балалар болып, ал стационарлық ем қабылдаған балалардың 347 (41,2%) ұйымдаспаған топтың және ұйымдасқан топтың 169 (20,0%) бала бақшаға, 327(38,8%) мектепке баратын балалар болды.

Күйік жарақатына шалдыққан науқастарға көрсетілетін кезек күттірмейтін алғашқы медициналық көмек (диагностика, емдеу тәсілін қолдану) науқастың ерте айығуына, оң әсерін туғызатыны мәлім. Зерттеуімізде жарақат алып, амбулаториялық ем тағайындалған 1499 науқастың ішінде; 6 сағат аралығында - 77,2%, 6-12 сағатта - 12,1%, 12-24 сағатта - 9,5% және 24-48 сағатта - 1,2% науқасқа медициналық көмек көрсетілген, ал стационарлық ем қабылдаған 843 науқасқа; 6 сағат аралығында – 56,3%, 6-12 сағатта – 9,8%, 12-24 сағатта – 3,2%, 24-48 сағатта – 17,4% және 2 тәуліктен аса мерзімде - 13,3% мамандандырылған медициналық көмек көрсетілген.




Сурет 1 – Науқастарға көрсетілген медициналық көмектің мерзімі

Зерттеуімізде, балалар арасында орын алған күйік жарақаты, жылдың мезгілдеріне сәйкес балалардың сабақтан тыс демалыс мерзімдерінде тіркелген және ондағы аурушандық 31,3% жаз мезгіліне, 25,6% күз мезгіліне және 24,5% жылдың көктемгі мезгілінде, ал ең кемі 18,6% жылдың қыс мезгілінде орын алған. Бұл жағдайлар балалардың демалыс мезгілінде, ата-аналар мен үлкен кісілердің қарауынсыз қалуымен байланыстыруға болады. Сондай-ақ, орын алған жарақаттардың тәуліктік сағаттарда, яғни күндізгі сағат 12.00-18.00 аралығында - 1096 (46,8%) науқаста, ал 824 (35,2%) науқаста сағат 6.00-12.00 аралығында және кемінде кешкі сағат 18.00-24.00 аралығында - 171 (7,3%) және түнгі сағат 24.00-6.00 аралығында тіркелуі, оған дәлелді жағдайды айқындайды.

Күйік жарақатына шалдыққан 2342 балалар арасында, ұл балаларының жарақаттануы 57,3% болып, қыз балаларына (42,7%) қарағанда анағұрлым артық тіркелуі, ұл балаларының зеректілігі мен белсенділігімен сипатталады. Жарақаттанудың ауырлығы, оның көлемі мен күйіктің орналасуы, тіндердің жарақаттану тереңдігі көбіне балалардың жасына байланысты болып келуде. Оған науқастардың жасына байланысты жүргізілген талдау көрсетеді, онда ерте жастағы сәбилер мен балалардың, яғни 0 жастан 2 жасқа дейінгі балаларда термиялық күйік жарақатының орын алуы - 41,1% құраған және 24,1% мектеп жасындағы бастауыш сынып оқушылары 7 жастан 10 жасқа дейінгі балалар арасында, сәйкесінше 20,0% 3 жастан 6 жас аралығындағы балаларда және төменгі көрсеткіште мектеп жасындағы жоғарғы сынып 11 жастан 14 жас аралығындағы оқушылар арасында - 14,8% тіркелуі байқалды.

Күйік жарақатының орын алу себебін талқылауда, науқас балаларда химиялық күйік жарақатынан қарағанда, алдыңғы қатарда термиялық күйік тіркелу жағдайы орын алады. Бұл келеңсіз жағдайлар жаңа туылған сәбиден 2 жасқа дейінгі балаларда - 93,3% ыстық сұйықтық, ал қызып тұрған заттар - 6,2 % және қондырғылардағы электр тоғы - 0,5% себепкер болған (сурет 2).




Сурет 2 – Күйік жарақатына себепкер болған жарақаттаушы агенттер

2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларда - 89,2% ыстық сұйықтық, қызып тұрған заттар - 5,5%, ашық от жалыны - 4,8% және қондырғылардағы электр тоғы - 0,5% себепкер болған, ал 4 жастан 7 жасқа дейінгі балаларда - 54,6% ыстық сұйықтық, қызып тұрған заттар - 11,6%, ашық от жалыны - 24,6% және қондырғылардағы электр тоғы - 6,1%, сондай-ақ тұрмыстық химиялық заттар - 0,8% себепкер болған. Сәйкесінше, 7 жастан 10 жасқа дейінгі мектептің балаларда - 28,6% ыстық сұйықтық, қызып тұрған заттар - 6,4%, ашық от жалыны - 37,4%, ыстық бу - 3,4%, қондырғылардағы электр тоғы - 7,4% сондай-ақ тұрмыстық химиялық заттар - 2,5% және қышқылдар мен сілтілер - 14,3% себепкер болған. 10 жастан 14 жасқа дейінгі мектептің балаларда - 22,6% ыстық сұйықтық, 3,2% қызып тұрған заттар, ашық от жалыны - 42,8%, ыстық бу - 4,8%, қондырғылардағы электр тоғы - 4,1% сондай-ақ тұрмыстық химиялық заттар - 15,3% және

қышқылдар мен сілтілер - 7,2% себепкер болғаны анықталады және топтағы балалардың жастық психофизиологиялық ерекшеліктерімен тікелей байланыста болатыны анықталады.

Науқастарда орын алған күйік жарақатының орналасуы, басымдылықта бір мезгілде түрлі дене мүшелерінің тері жабындыларының жарақаттануы - 64,8%, аяқ пен табанның жарақаттануы - 16,4% және қол мен алақанның жарақаттануы - 12,3%, оның ішінде жеке саусақтардың жарақаттануы - 67,5% құрайды. Сәйкесінше, дене мүшесінің тері жабындысының жарақаттануы 4,1% және бастың түкті терісі, бет пен майын мүшелерінің жарақаттануы - 2,4% орын алғаны айқындалады.



Сурет 3 – Күйік жарақатына шалдығу дәрежесінің үлес салмағы (%)

Күйік жарақатының ауырлығы мен орналасуына, ішкі тіндерді зақымдау тереңдігіне т.б. байланысты, 4 дәрежеге бөлінеді, Зерттеуімізде, I дәрежелі күйікке шалдыққан 75,2% науқас балалар анықталып, денеде (эпидермиялық күйік) қысқа немесе төмен қарқынды экспозицияның салдарынан беткі тері қабатының зақымдалуы орын алады. II дәрежелі күйікке шалдыққандар саны 22,3% құрады, онда клиникалық белгісі ретінде беткейлік терінің күйдіруі, эпидермиялық некрозбен жалғасуы, сұйықтық жинақталған бөртпенің, тері жабындысының ісінуі орын алған. Ал, III дәрежелі күйікке шалдыққандар саны 2,5% құрап, оның ішінде III а дәрежесі - 1,5% науқаста, терінің базальды қабатын зақымдалуымен және III б дәрежесі - 1,0% науқаста, терінің бүкіл қалыңдығына және тері асты қабатының некрозы орын алуымен сипатталды. Алайда, күйік жарақатын алған науқас балалар арасында, IV дәрежелі күйік немесе субфасциялық күйіктің орын алмауы, бізге қуантарлық жағдай болды.

Қорытынды: Шымкент қаласының 0 жастан 14 жасқа дейінгі балалары арасында орын алған күйік жарақатының басым бөлігі, тұрмыстық күйікпен сипатталады. Ауруханаға жатқызылып ем тағайындалған балалардың көбінде (41,1%) төменгі жастағы балаларды құрайды. Күйіктің себебі, зақымдаушы агенттің түрлері балалардың жасына тікелей байланыста болады. Сәбилер мен 2 жасқа дейінгі балаларда, бірінші орынға ыстық сұйықтықтан орын алған күйік, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларда ашық от жалыны мен химиялық агенттер әсерінде алынған күйіктер саны артады.

Зерттеуде алынған нәтижелер, 0-14 жастағы балаларға арналған «күйік жарақатын алдын алудың» кешенді іс-шараларын қарастыруды қажет етеді. Мәселені шешуде ата-аналарды, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарын бірге жұмылдырып, жұмыс атқаруын ұйымдастыруды қолға алу қажеттілігі болады.

Әдебиеттер

1. Нуштаев И.А., Нуштаев А.В. Социально-медицинские аспекты ожогов у детей // Детская хирургия, – 2019, – №2, – С.22-24.
2. Глуткин А.В., Ковальчук В.И. Термический ожог кожи у детей раннего возраста (опыт эксперимента и клиники). Гродно: ГрГМУ, – 2016, – 180 с.
3. Сахаров С.П. Эпидемиология детского ожогового травматизма // Детская хирургия, – 2013, – №2, – С.29-31.
4. Ханенко О.Ф. Причины ожоговой травмы у детей // Здоровоохранение, – 2019, – №2, – С.78-80.
5. Занина И.А., Раздорская И.М., Чембарцева И.В. Медико-социальные аспекты ожогового травматизма у детей // Здоровье и образование в XXI веке, – 2018, – № 3, – Т.10, – С.1449-1450.
6. Ожоги мирного времени, источники опасности / В.А. Соколов, Н.А. Ефименко, А.Л. Адмакин, С.А. Петрачков, А.А. Степаненко // Клиническая медицина, – 2015, – №6, – С.30-35.
7. Интенсивная терапия при обширных термических ожогах у детей / Т.А. Джумабеков, У.Е. Маханова, У.С. Солтанбекова, К.Д. Стыбаев // – Медицина, – 2018, – №4 (190), – С.7-9.
8. Шайдебеков Д.Р. Медицинская помощь детям с химическими ожогами пищевода // Бюллетень наука и практика, – 2019, – №3, – С.81-85.

МРНТИ 76.29.51

УДК 616-006.618-08

Жантеев М.Е., Орманов Б.Н., Акпанбетов Т.К., Югай К.В., Болтайхан К.К., Жайын Д.М.

Южно-Казахстанская медицинская академия, г.Шымкент

Городской онкологический центр, г.Шымкент. Казахстан

ОПЕРАТИВНОЕ ЛЕЧЕНИЕ ГИГАНТСКОЙ ОПУХОЛИ ЯИЧНИКА. *Случай из практики*

Резюме

В современном мире онкологические заболевания яичников является наиболее распространенным злокачественным заболеванием у женщин. Чаще всего злокачественное новообразование развивается из эпителия яичников. Данное заболевание характеризуется незаметностью, клинические признаки проявляются тогда, когда опухоль в значительной степени подверглась к инвазивному росту и распространению по малому тазу и брюшной полости. В данной статье представлены данные пациента, у которой выявлена злокачественная опухоль яичника с кистозным разрастанием и асцитом. Опухоль была удалена оперативно.

Ключевые слова: гигантская опухоль яичника, асцит, цирроз печени, хирургический доступ, метастазы.

По данным международного агентства по изучению рака (МАИР) во многих странах частота заболеваемости злокачественными опухолями яичников растет. Соответственно и показатели смертности от рака яичников не снижается, по показателю летальности находится на первом месте (47%) среди онкопатологии гениталии у женщин. Основной причиной того, является скудность клинических проявлений в начальных стадиях. Более 60% злокачественных опухолей яичников выявляются на поздних стадиях, у 80% из них уже обнаруживаются метастазы в различные органы. Общая 5-летняя выживаемость этой категории больных не превышает 20-35%.

По данным российских авторов в 2018 году в России от РЯ умерли 7616 женщин. А структуре причин онкологической смертности среди женщин РЯ занимает 8-е место (5,5 %). Стандартизированный показатель смертности от РЯ в России составили 4,92 на 100 тысяч населения [1].

Факторами риска развития данной патологии являются: отсутствие беременностей, курение, избыточный вес, частое использование гормональной заместительной терапии, содержащей эстрогены [2].

Опухоли яичника на ранних стадиях в основном протекает бессимптомно, а при распространении процесса проявляется неспецифические к данной патологии симптомы, в виде: увеличение живота с болевыми проявлениями, боли в области таза, диспепсические явления, потеря веса, снижение аппетита, одышка, общая слабость[3].

С целью диагностики рекомендуются исследования уровня антигена аденогенных раков СА 125 в крови и антигена аденогенных раков СА 19-9 в крови а так же исследование уровня ракового эмбрионального антигена (РЭА) в сыворотке крови [4].

На диагностическом (диф диагностика) этапе рекомендуется исследование уровня альфа-фетопротеина (АФП), хорионического гонадотропина и уровня ингибина В в крови [5].

В целях определения распространенности опухолевого процесса и планирования алгоритма дальнейшего лечения всем пациентам с подозрением на РЯ на диагностическом этапе рекомендуется выполнить компьютерную томографию (КТ) органов грудной клетки, брюшной полости и забрюшинного пространства, с контрастированием или без него [6].

При запущенных случаях рака яичника (III, IV стадии), рекомендуются выполнить оптимальную циторедуктивную операцию в полном объеме с одновременным удалением всех видимых проявлений болезни [7].

Приведем данных случая из практики. Больная Ш. 63 г. обратилась с жалобами на боли внизу живота, увеличение размеров живота, одышку при ходьбе, отеки на нижних конечностях, слабость, недомогание, похудание.

Анамнез заболевания. Считает себя больной около 4 мес. Когда появились вышеуказанные жалобы. За мед помощью обратилась в январе 2022 г.

Проведенные исследования: ОАК от 05.01.2022 г.: Le 11.00 x 10⁹/л, Hb 118 г/л, эритроциты 5.11 x 10¹²/л, СОЭ 24 мм/ч. Биохим. анализ крови от 05.01.2022 г.: общ.белок 67.2 г/л, мочевины 4.4 ммоль/л, креатинин-70.0 мкмоль/л, АЛТ 6.1 мккат/л, АСТ 15.0 мккат/л, глюкоза 7.0 ммоль/л, билирубин общий 18.6 мкмоль/л.

Онкомаркеры от 05.01.2022 г. СА-125 >5000 ед/мл. HE4 268.5. Кровь на гепатит от 26.10.2021 г. В-положительный, С-положительный. УЗИ ОМТ от 06.01.2022г. Киста с солидным компонентом размерами 278*261 мм. Асцит. Диффузно-очаговые изменения шейки матки. Миомы матки. Кисты шейки матки. Эхопризнаки эндоцервицита.

КТ ОГК от 06.01.2022 г. Бронхит. Левосторонняя верхнедолевая пневмония ОП 10%.

МРТ ОБП от 14.12.2021 г. МРТ-признаки патологического образования кистозно-солидной структуры, гигантских размеров, исходящее более вероятно из малого таза, очагов вторичного 2, 3, 5, 7, 8 сегментов печени (mts); асцита; кист тела и хвоста поджелудочной железы; конкрементов желчного пузыря

ЭКГ 05.01.2022 г. ритм синусовый с ЧСС 106 в мин ЭОС нормальная. Низкий вольтаж.

Консультация терапевта от 05.01.2022 г. Закл: Носительство вирусного гепатита В. Хронический бронхит ДН 1. Хр пиелонефрит ст. неполной ремиссии. Гидронефроз почек? . Асцит.

Из анамнеза жизни известны что: Росла и развивалась соответственно возрасту и полу. Д учете не состоит. Туберкулез – отрицает. Кожные и венерические заболевания – отрицает. Гемотрансфузия – трансфузии препаратов крови не отмечает. Вредные привычки: курения, алкоголизма нет.

Гинекологический анамнез: Беременностей - 0. Менопауза-4 года.

Пациентка госпитализирована в Городской онкологический центр, через ОСМС в плановом порядке на оперативное лечение в отделение радиогинекологии с диагнозом: D28.7 Добракачественное новообразование других уточненных женских половых органов



Рис 1. - Пациентка Городского онкологического центра госпитализирована с диагнозом доброкачественное новообразование.

Объективно: Общее состояние пациентки тяжелое, за счет основного заболевания. Положение активное, сознание ясное, адекватное. Нормостенического телосложения. Кожные покровы на момент осмотра телесной окраски, чистые. Видимые слизистые бледно-розовые, влажные. Состояние подкожно-жировой клетчатки удовлетворительного питания.

Дыхание свободное, через нос, ритмичное. Тип дыхания – грудной. ЧДД 18 в 1 мин. Аускультативно: Дыхание везикулярное на всем протяжении

легочных полей. Пульс ритмичный, хорошего наполнения, ЧСС 82 уд. в 1 мин. АД 120/80 мм.рт.ст. Аускультативно: Тоны сердца ясные, ритм правильный, достаточной звучности. Язык влажный, чистый, не обложен.

Пальпаторно живот мягкий, увеличен в размере, за счет наличия асцитической жидкости, где пальпируется образование плотно-эластической консистенции размерами 28*30 см. ограничено в подвижности. умеренно болезненный, симметричный.

Печень не пальпируется. Симптом Щеткина–Блюмберга отрицательный. Селезенка не пальпируется. Стул адекватный. Симптом Пастернацкого отрицательный с обеих сторон. Мочеиспускание самостоятельное, безболезненное. Отмечаются сильные отеки на нижних конечностях больше справа. Периферические лимфоузлы – не увеличены

Status genitalis: генитальная область чистая. Os: VIRGO P/R: Параметрий мягкий.



Рис 2. - Кистозное образование р/р 30х32см, эластичной консистенции, с четкими контурами, на ножке, исходящая из левого яичника.

После 4-кратной обработки операционного поля йодонатом, спиртом произведена срединная лапаротомия. Брюшной полости асцитическая жидкость серозно-геморрагического характера в количестве 13 литров, эвакуирована электроотсосом. При ревизии брюшной полости, органы ЖКТ без особенностей. Матка не увеличена. В малом тазу кистозное образование р/р 30х32см, эластичной консистенции, с четкими контурами, на ножке, исходящая из левого яичника. Выведено в рану, на воронкотазовую связку, листки широкой связки, собственную связку яичника, наложены 2 зажима, пересечены, лигированы, удалена, направлена на гистологию. Содержимые кисты яичника около 5 литров, эвакуированы. Сама опухоль весит около 5 кг.

Правый яичник не увеличен, удален аналогичным образом, направлена на гистологию. Тело матки взято щипцами Мюзо, выведено в рану. На круглые связки матки с обеих сторон наложены зажимы, пересечено, прошито капроном. Справа и слева на широкую связку зажимы пересечено, лигировано. Plica vesicouterinae остро рассечена, низведена книзу. На маточные сосуды с обеих сторон наложены зажимы, пересечено, лигировано капроном. Произведена субтотальная гистерэктомия. Культия шейки матки ушита викрилом. Поэтапно проведена оментэктомия.

Гемостаз сухо. Подсчет инструментов, салфеток – все. В малый таз подведена дренажная трубка.

Брюшная стенка ушита в обратном порядке. Общая кровопотеря - 100мл.

Гистология: № 765-766,767-68,769-770 Закл: Серозная- папиллярная цистаденокарцинома G III, обширные очаги некроза и кровоизлияния.

Постоперационный диагноз: С-r ovarii. St IV, T3NxM1. G III. Асцит. Мтс в печень. СПО (Лапаротомия. Удаление опухоли левого яичника. Субтотальная гистерэктомия с правыми придатками + оментэктомия).

Послеоперационный период протекал гладко. Рана зажила первичным натяжением. Швы сняты на 7-8 сутки. Выписана домой с улучшением, в удовлетворительном состоянии. Рекомендованы наблюдение уч. онколога, продолжать лечение у химиотерапевтов.

Литература

1. Каприн А.Д., Старинский В.В., Петрова Г.В. Злокачественные новообразования в России в 2018г.(заболеваемость и смертность). М.: МНИОИ им. П.А. Герцена – филиал ФГБУ «НМИЦ радиологии» Минздрава России, 2019. 250 с.
2. Rooth C. Ovarian cancer: risk factors, treatment and management //Br J Nurs. – 2013. – V. 22. – N 17. – P. S23–30.
3. Ebell M.H., Culp M.B., Radke T.J. A Systematic Review of Symptoms for the Diagnosis of Ovarian Cancer // Am J Prev Med.–2016 –V. 50 –N 3. –P. 384–94.
4. Santotribio J.D., Garcia-de la Torre A., Cañavate-Solano C. et al. Cancer antigens 19.9 and 125 as tumor markers in patients with mucinous ovarian tumors // Eur J Gynaecol Oncol. – 2016. – V. 37. – N 1. – P. 26–9.
5. Colombo N., Peiretti M., Garbi A. et al. Non-Epithelial Ovarian Cancer: ESMO Clinical Practice Guidelines//Ann Oncol.–2012.–V.23 (Suppl 7).–P.vii20–vii26.
6. Ledermann J. A., Raja F. A., Fotopoulou C. et al. Newly Diagnosed and Relapsed Epithelial Ovarian Carcinoma: ESMO Clinical Practice Guidelines // Ann Oncol. – 2013. –V. 24 (Suppl 6). – P. vi24–vi32.
7. Pal T., Permuth-Wey J., Betts J.A. et al. BRCA1 and BRCA2 mutations account for a large proportion of ovarian carcinoma cases // Cancer. – 2005. – V. 104. – N 12. – P. 2807–16.

Түйін

**Жантеев М.Е., Орманов Б.Н., Ақпанбетов Т.К., Югай К.В.,
Болтайхан К.К., Жайын Д.М.**

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
Қалалық онкологиялық орталық, Шымкент қ. Қазақстан Республикасы

ОПЕРАТИВНОЕ ЛЕЧЕНИЕ ГИГАНТСКОЙ ОПУХОЛИ ЯИЧНИКА. *Случай из практики*

Аналық без ісіктері, заманауи медицинада, онкологиялық аурулар арасында жиі кездесетін ісіктердің бірі. Негізінен қатерлі ісіктер бездің эпителиінен бастау алады. Ісіктер ағымының клиникалық көрінісінің мардымсыз болуына байланысты аналық без ісіктері көбіне кеш, айналасындағы тіндерге инвазивті өсіп, асқына бастағанда ғана анықтала бастайды. Мақалада алып, қуысты түзіліммен асқынған, аналық без обыры суреттелеген. Ісік оперативті жолмен сылынып тасталды.

Кілт сөздер: аналық бездің алып қуысы, асцит, бауыр шемені, хирургиялық жету, метастаздар.

Resume

**Zhanteyev M.E., Ormanov B.N., Akpanbetov T.K., Yugai K.V.,
Boltaikhan K.K., Zhaiyn D.M.**

South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent city, Republic of Kazakhstan
City Cancer Center in Shymkent. Kazakhstan

SURGICAL TREATMENT OF GIANT OVARIAN TUMORS. *case from practice*

In the modern world, ovarian cancer is the most common malignant disease in women. Most often, a malignant neoplasm develops from the epithelium of the ovaries. Basically, the course of this disease is characterized by invisibility, clinical signs appear when the tumor has been largely subjected to invasive growth and spread through the pelvis and abdominal cavity. This article presents the data of a patient who has a malignant ovarian tumor with cystic overgrowth and ascites. The tumor was removed promptly.

Key words: gigantic ovarian tumor, ascites, cirrhosis of the liver, surgical approach, metastasis.

МРНТИ 76.29.49

УДК 616-006.66;617-089

Аманбаев Б.А.¹, Оңғарбаев Е.К.¹, Әшірова А.Ж.², Кемелбек Ж.Ж.², Ерметов А.З.², Жантеев М.Е.¹

¹Қалалық онкологиялық орталық, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

²Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

ҮЛКЕН КӨЛЕМДЕГІ СҮТ БЕЗІ ОБЫРЫНЫҢ ХИРУРГИЯЛЫҚ ЕМІ (клиникалық жағдай)

Түйін

ҚР ДСМ баспасөз қызметі мәліметі бойынша 2020-2021 жылдары кездесу жиілігі бойынша сүт безі обыры 1-ші орында да өлім деңгейі бойынша 4-ші орында болған. Обырдың кездесу жиілігіне тікелей әсер ете алмасақ та одан келетін өлім деңгейін азайтуға мүмкіншілік бар-ол ісікті ерте анықтау. Мемлекетімізде енгізілген скрининг тәсілі оның айғағы. Бірақ осы тәсілді елемей, дер кезінде тексерілмей жүретіндер де кездеседі. Мақалада Шымкент «қалалық онкологиялық орталықта» кездескен осындай клиникалық жағдай туралы баяндалған. Авторлар тұрғындардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керектігін, біріншілік звенодағы медициналық қызмет дәрігерлерінің онкологиялық сезімталдығын арттыру керектігін ескертеді.

Кілт сөздер: онкология, сүт безі обыры, ісік ыдырауы, оперативті ем, скрининг.

Дүние жүзі бойынша онкологиялық аурулардың жыл өткен сайын жиілеп жатқандығы белгілі. Сонымен қатар осы ауру салдарынан өлім жиілігі де төмендемей келеді. Онкологиялық аурулар салдарынан өлім деңгейін төмендетудің тиімді тәсілдерінің бірі ол ісікті ерте анықтау. Ерте анықталып, дер кезінде радикалды ем тағайындалған науқастарда толық айығып кету, өмір сүру саны мен сапасын арттыру мүмкіншілігі көп екендігі айқын. ҚР онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте анықтау мақсатында скринингтік тексеру жүйесі жұмыс жасайды. Нәтижелілігі де жаман емес. Бірақ кейде бұл жүйенің де толық жұмыс істемейтін кездері болады, ісіктердің даму сатысы өтіп, асқынған жағдайда алғаш рет дәрігерге қаралып жатқан кездері де кездесіп жатады.

Осы мәселелерді талқылай келе, халықаралық ғылыми берілімдердің электронды базасын негізге ала отырып, Ресей ғалымы Левшин В.Ф. онкологиялық аурулардың, оның ішінде сүт безі обыры да бар, біріншілік алдын алуда тұрғындардың жаппай диспансеризациясының маңызы зор екендігін айтқан[1].

Осындай жағдайлар бойынша, скрининг тәсілдерді жүргізгенде тұрғындардың региональдық, мемлекеттік, діни көзқарастары мен бұқаралық сауаттылығына, әлеуметтік-экономикалық деңгейі мен демографиялық ерекшеліктеріне де назар аудару керек[2]

Сүт безі ісігін заманауи емдеу тәсілінде, емді химиотерапиядан бастаудың тиімділігін, соңғы нәтижесінің біршама жақсы болатындығы да ғылымда белгілі. Бұл жағдайда да, (операция алдылық химиотерапия) ісіктің ерте сатыларындағы ем нәтижелілігі оның таралған түрлеріне қарағанда едәуір жақсы [3]

Жасы 65 тен асқан әйелдер арасында кездесетін сүт безі обырын емдеу тәсілдері мен оның нәтижелілігін зерттей келе ғалымдар, ісіктің бастапқы сатыларында жасалған радикалды операциядан кейін тағайындалған сәулелік емнің тиімділігі едәуір жақсы екендігін дәлелдеген[4].

Сүт безі обырында қолданылуы кеңейіп, жиі жасалып келе жатқан пластикалық операциялардың бірі ол жергілікті липофилинг тәсілі. Радикалды операциялар кезінде ісік маңындағы, метастаздық зардапталған, регионарлы лимфа түйіндерінің қоса сылынуы шарт. Сондықтан даму сатысы өткен, сүт безі ісіктерінің жайылған түрлерінде толыққанды жергілікті тіндер көмегімен реконструктивті операциялар жасау өзіндік қиыншылықтарға ие[5].

Әдеби берілімдерді талқылай келе барлық ісіктер сияқты сүт безі обырының да емінің бастапқы сатыларында нәтижелілігі жоғары болатыны көрінеді. Елімізде сүт безі обырын ерте анықтау мақсатында жасалып жатқан ішараларға қарамай, сирек те болса ісігі асқынған

науқастар кездесіп жататыны жоғарыда айтылды. Шымкент ҚОО кездескен осындай жағдаймен бөлісуді жөн санадық.



1-ші Суретте - Жасы 65 тен асқан әйелдер арасында кездесетін сүт безі обыры

Науқас К. 63 жасар, қала тұрғыны. Қант диабетімен эндокринологта «Д» есепте тұрады. Шымкент қалалық онкологиялық орталық емханасына сол жақ сүт безінің шамадан тыс ұлғаюына (ісінуі), қатайып, сыздап ауыруына, беткейі жараланып, қанды бөлінді шыға бастауына шағымданып түсті. Анамнезінде; ауырғанына 6 ай шамасы, бастапқыда жай түйін болып басталған сүт безіндегі түзілім, біртіндеп ұлғайып, сыздап ауыра бастаған. Сүт безіндегі өзгерісті білгенімен науқас тиісті мән бермеген, дәрігерге ауруы асқынып, ойық жаралар пайда болып, қанды бөлінді шыға бастағанда ғана қаралуға мәжбүр болған.

Скрининг бойынша тиісті тексеруге келмеген, қаралмаған.

Объективті; жалпы жағдайы, орташа ауырлықта. Тері жамылғысы бозғылттау, біршама құрғақ. Ішкі ағзалары бойынша өзгерістер жоқ. Тыныс алуы мин 20 рет, өкпеде везикулярлы тыныс, сырылдары жоқ. Жүрек соғу жиілігі 86 р /мин., АҚК 150/90мм.с.б.

Локальды; сүт бездері ассиметриялы, сол сүт безі едәуір, 3 еседей, үлкен, жалпы диаметрі 27x30 см.

Ісік сүт безін толығымен қамтыған диаметрі 20,0x20,0 см. Беткейі визуальды көгеріңкі, біртегіс емес, бірнеше жерінде, сірілі геморрагиялық бөліндісімен ойық жаралы аймақтары бар. Пальпацияда қатқыл консистенциялы, кедір бұдырлы, жергілікті босаңсыған аймақтары бар, аздап ауырсынады (суретте).



2-ші Суретте - Ісік сүт безін толығымен қамтыған диаметрі 20,0x20,0 см.

Тексерулер нәтижесінде науқасқа «Сол сүт безі обыры, T4N1M0, ST III» диагнозы қойылды.

Бөлімшеде толық тексеруден өткізілген соң оперативті ем, сүт безінің кең ауқымдағы Madden бойынша радикалды мастэктомиясы, лимфодиссекциясымен жасалды. Макропрепарат; сылынып алынған сүт безі, жалпы салмағы 11,5 кг. Морфологиялық зерттеуге жіберілді. Гистологиялық зерттеу № 2975-76 нәтижесі; кең ауқымды некроз ошақтары бар «қатерлі филлойдты ісік» G II.

Операциядан кейінгі кезең бірқалыпты, асқынусыз өтті, жара біріншілік тартылумен жазылды, тігістері 11-12 тәуліктерде алынды. Науқас үйіне жергілікті онколог бақылауына шығарылды. Операциядан кейінгі кезеңде қатаң бақылауда болу, операциялық материалдың гистохимиялық талдауы дайын болған соң, соған сай химио, таргетті терапиялар алу ұсынылды.

Қорытынды: Әдеби берілімдер мен орын алып отырған жағдайды ескере келе ҚР деңгейінде жасалып жатқан сүт безі обырының алдын алу және оны ерте анықтау бойынша скринингтік іс шаралардың жергілікті медициналық мекемелерде толық іске аспай жатқандығын көруге болады. Оның себептерін саралар болсақ, тұрғындардың арасында өз денсаулығына немқұрайды қарайтын адамдардың баршылық екендігін, сонымен қатар біріншілік звенодағы медициналық қызметкерлердің ЖТД, аймақтық онколог, маммолог, т.с.с. өз жұмыстарына атүсті қарайтындығын көруге болады.

Бұндай жағдайларды болдырмас үшін ұсыныстар;

1. халықтар арасында бұқаралық ақпарат құралдарын, пайдалана отырып, жергілікті жерлердегі үгіт насихат жұмыстарын жақсарту арқылы тұрғындар арасында өз өзін қарау, және емханалық, аймақтық дәрігермен жүйелі түрде қаралып тұру керектігін ұғындыру.

2. Онкологиялық аурулардың біріншілік және екіншілік алдын алу шаралары бойынша ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізу.

3. Жалпы жүйедегі дәрігерлердің емханалық ЖТД, терапевт, хирург, гинеколог, т.б.да дәрігерлердің онкологиялық сезімталдығын арттыру бағытында жұмыстар жүргізу.

Әдебиеттер

1. Левшин В.Ф. Первичная профилактика рака молочной железы. Профилактическая медицина. 2021;24(11):117-125.
2. Дроздова Л.Ю., Иванова Е.С., Егоров В.А., Раковская Ю.С., Лищенко О.В. Выявление онкологической патологии в целевых группах взрослого населения. Профилактическая медицина. 2021;24(12):84-88.
3. Волкова Ю.И., Зикирходжаев А.Д., Волченко Н.Н., Казарян Л.П., Старкова М.В., Джабраилова Д.Ш., Максимов К.В. Диагностика сторожевого лимфатического узла при проведении неоадьювантной химиотерапии. Онкология. Журнал им. П.А. Герцена. 2021;10(6):100-105.
4. Ортабаева Д.Р., Зикирходжаев А.Д., Рассказова Е.А., Сарибекян Э.К., Хмелевский Е.В. Вариант лечения рака молочной железы I стадии у больных старше 65 лет. Онкология. Журнал им. П.А. Герцена. 2021;10(5):55-60.
5. Бит-Сава Е.М., Дамения А.О., Моногарова М.А., Курбанова М.Г., Власенко А.В. Оценка безопасности липофилинга у больных раком молочной железы. Пластическая хирургия и эстетическая медицина. 2020;(2):53-56.

Резюме

Аманбаев Б.А.¹, Онгарбаев Э.К.¹, Аширова А.Ж.², Кемелбек Ж.Ж.²,
Эрметов А.З.², Жантеев М.Е.¹

¹Городской онкологический диспансер, г. Шымкент. Казахстан

Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент. Казахстан

ХИРУРГИЧЕСКОЕ ЛЕЧЕНИЕ ГИГИНТСКОЙ ОПУХОЛИ МОЛОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ (случай из клиники)

По данным пресс-службы МЗ РК, в 2020-2021 годах рак молочной железы занимал первое место по частоте встречаемости и четвертое место среди причин смерти. Хотя мы не можем напрямую повлиять на заболеваемость раком, но есть возможность снизить смертность от него – раннее выявление опухоли. Доказательством тому является внедренный в нашей стране метод

скрининга. Однако есть и те, кто игнорирует этот подход и не проверяет его вовремя. В статье описана аналогичная клиническая ситуация в «городском онкологическом диспансере» г. Шымкент. Авторы предупреждают, что население должно взять на себя ответственность за собственное здоровье, повысить онкологическую чувствительность врачей первичного звена.

Ключевые слова: онкология, рак молочной железы, распад опухоли, оперативное лечение, скрининг.

Summari

Amanbaev B¹, Ongarbaev E¹, Ashirova A.Z.², Kemelbek Zh.², Ermetov A.², Zhanteyev M.¹

City Oncology Dispensary, Shymkent. Kazakhstan

South-Kazakhstan Medical Academy, Shymkent. Kazakhstan

SURGICAL TREATMENT OF GIGIN SWELLING MILK IRON (case from clinic)

According to the press service of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan, in 2020-2021, cancer of the mammary gland took the first place in terms of frequency of encounters and the fourth place among the causes of death. Although we can not directly affect the morbidity of cancer, but there is an opportunity to reduce death from it - the earlier detection of tumors. This is evidenced by the introduction of screening methods in our country. However, there is one who ignores this approach and does not check it in time. The article describes an analogous clinical situation in the "city oncology dispensary." Shymkent. The authors warn that the population should take responsibility for their own health, to increase the oncological sensitivity of primary care physicians.

Keywords: oncology, mammary cancer, tumor decay, operative treatment, screening.

СОДЕРЖАНИЕ

<p>Международная научно-практическая конференция «ШКОЛА КЛИНИЧЕСКОЙ НЕВРОЛОГИИ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ» (31 марта – 1 апреля, 2022г.) Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЛИНИКАЛЫҚ НЕВРОЛОГИЯ МЕКТЕБІ» (31 наурыз – 1 сәуір, 2022 ж.) International Scientific and Practical Conference "SCHOOL OF CLINICAL NEUROLOGY IN SOUTH KAZAKHSTAN" (31 March – 1 April, 2022 y.)</p>	
<p>Айтгуреева А.С., Айтбекова М.И., Лепесова М. М., Мамуова Г.Б. КЛИНИЧЕСКИЙ СЛУЧАЙ ЗАБОЛЕВАНИЯ СМА 1 ТИПА У РЕБЕНКА 7 МЕСЯЦЕВ</p>	3
<p>Бакирова К.Т. «ДОБРОКАЧЕСТВЕННОЕ ПАРОКСИЗМАЛЬНОЕ ПОЗИЦИОННОЕ ГОЛОВОКРУЖЕНИЕ ДИАГНОСТИКА И ЛЕЧЕНИЕ»</p>	6
<p>Джаксыбаева А.Х. АЛГОРИТМ ДВИЖЕНИЯ ПАЦИЕНТОВ С НЕРВНО-МЫШЕЧНЫМИ ЗАБОЛЕВАНИЯМИ В КАЗАХСТАНЕ</p>	12
<p>Баймагамбетов, А.К. Дидоренко В.И. Лепесова М.М. НЕВРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСЛОЖНЕНИЯ ПРИ COVID-19</p>	17
<p>Слугин А. В., Базарбаева А. М., Лепесова М. М., Шыныбаева Н. Д. КЛИНИЧЕСКИЙ СЛУЧАЙ РЕДКОГО ЗАБОЛЕВАНИЯ АТАКСИИ-ТЕЛЕАНГИОЭКТАЗИИ (СИНДРОМА ЛУИ-БАР) У РЕБЕНКА К. 11 ЛЕТ</p>	23
<p>Yesetova A.A., Toleuova A.E. , Baltabayeva B.S., Alihanov N.A., Daurbayeva D.E., Adilbayev A.D. WEST SYNDROME IN CHILDREN (CLINICAL CASE)</p>	27
<p>Yesetova A.A., Muminova R.K., Suleimenova Z.S., Kerebekova R.E., Abilhayirov N.B., Turdahunov M.A. COGNITIVE REHABILITATION OF MEMORY PROBLEMS IN CHILDREN WITH EPILEPSY IN SHYMKENT</p>	32
<p>Туксанбаева Г.У., Бегларов Д.З., Әміре Қ.Қ., Сайлаубай М.Е., Керебекова Р.Е., Туксанбаева Г.У. НЕВРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСЛОЖНЕНИЯ COVID-19 ВО ВРЕМЯ БЕРЕМЕННОСТИ</p>	37
<p>Абдраимова С.О., Жаркинбекова Н.А. НЕМОТОРНЫЕ СИМПТОМЫ БОЛЕЗНИ ПАРКИНСОНА</p>	44
<p>КЛИНИЧЕСКАЯ И ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ МЕДИЦИНА, ОБЩЕСТВЕННОЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЕ, КЛИНИЧЕСКАЯ ФАРМАКОЛОГИЯ И ФАРМАКОТЕРАПИЯ, СЛУЧАЙ ИЗ ПРАКТИКИ</p> <p>К.Ж. Аширбекова, С.Е. Елшиева, Н.Р. Абиева, Г.К. Аширбеков, Н.К. Ходжаев АФФЕКТИВНЫЕ И КОГНИТИВНЫЕ РАССТРОЙСТВА У ЛИЦ ПОЖИЛОГО ВОЗРАСТА</p>	49
<p>М.Т. Ижанов, Е.А. Ибадуллаев, А.А. Төлегенова ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІ АУРУЫНЫҢ 2017-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ</p>	53
<p>Сүлейменов О., Нысантаева С.Қ., Саркулова И.С., Джубанишбаева Т.Н. ЖҮКТІЛЕРДЕГІ ТЕМІР ТАПШЫЛЫҚТЫ АНЕМИЯ (әдеби шолу)</p>	58

Абдраман А., Бегимбекова Л.М., Саркулова И.С. ОПЫТ ИНТЕГРАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И ПРАКТИКИ У ВРАЧЕЙ ИНТЕРНОВ ОБЩЕЙ ПРАКТИКИ	63
Дүйсебаева Э.Е., Саркулова И.С., Бархыбаева Н.А. ДАМЫМАҒАН ЖҮКТІЛІКТІ ТАЛДАУ	67
Нурмаханова У., Л.М.Бегимбекова, М.А. Байбосын, Р.К.Абдикаримова ҮКТІЛІК КЕЗІНДЕГІ, ТЕРЕҢ ВЕНАЛАР ТРОМБОЗЫНЫҢ ДАМУ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ МЕН ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУ ТӘЖІРИБЕСІ	72
Айдар А., Сарсенбаева Г.Ж. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ КҮЙІК ЖАРАҚАТЫНА ШАЛДЫҒУЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	77
Жантеев М.Е., Орманов Б.Н., Ақпанбетов Т.К., Югай К.В., Болтайхан К.К., Жайын Д.М. ОПЕРАТИВНОЕ ЛЕЧЕНИЕ ГИГАНТСКОЙ ОПУХОЛИ ЯИЧНИКА. <i>Случай из практики</i>	82
Аманбаев Б.А., Оңғарбаев Е.К., Әшірова А.Ж., Кемелбек Ж.Ж., Ерметов А.З., Жантеев М.Е. ҮЛКЕН КӨЛЕМДЕГІ СҮТ БЕЗІ ОБЫРЫНЫҢ ХИРУРГИЯЛЫҚ ЕМІ (клиникалық жағдай)	86